

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы 74 Жалпы білім беретін орта мектебі

Мектепалды «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 08 - 12 қаңтар 2024 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Аптаның өлеңі О. Ковальчук Дәрумен бізге пайдалы, Мен мұны нақты білемін. Таблеткадан ғана емес Басқасын қолданамын. Мен оны тамақтан аламын Дәмді және пайдалы. Олар қайда жасырылады? Өте қызықты. Анам маған түсіндіреді: Олар барлық жерде жасырылады. Жемістен де, көкөністен, Оларды тез алыңыз.	Психогимнастика «Жаксы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.	Саусақ гимнастикасы Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп, Лимон, апельсин бар, Қауын, қара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк. (Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)	«Схема бойынша салу» құрылыс материалымен ойындар Мақсаты: балаларды схемаға қарап отырып, қарапайым құрылысты тұрғызуға үйрету	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Үннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану Мақсаты . Өңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету —Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер —Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасындар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратад Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у. «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі,	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратад Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, камаз, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б. – Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз. – Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік,	Сауат ашу негіздері Міндеті: Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру Мақсаты Қолды жазуға үйрету. 2. Дыбыстық талдау жаса. 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады	Көркем әдебиет Міндеті: – Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: жақсылық пен жамандықты түсінеді; Қолданады: жеке шығармашылық қабілетін танытады Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып. Сөздік жұмыс: жақсы бала – ақылды, таза, ұқыпты бала шалалық – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау Өлең мазмұны бойынша

	береді	мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, тү-йе, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар, ты-мақ, қар-быз, бал-мұз-дақ, ұ-шақ, ке-ме, вагон, ша-на, шал-ғы, кі-лем т.б.	бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? – Әрине, балалар, дұрыс айтасындар, сөзде неше буын бар, соны анықтап алады екенбіз. – Содан кейін не істейміз? – Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз. Педагог тақтаға «нан» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында орындайды. Нан сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Н – үнді дауыссыз, өйкені созып әндетіп айтылмайды, салдырға қарағанда үн басым, бәсең үн бар. Сызбада көк дөңгелекпен белгілеп көрсетеміз. а – жуан дауысты, дауыстап әндетіп айтуға болады. Жуан дыбысқа жатқызамыз өйкені а дыбысын айтқанда тілдің үсті дөңестеліп, кері шегінеді. Қызыл дөңгелекпен белгіленеді. н – үнді дауыссыз дыбыс. Көк дөңгелекпен белгілейміз		сұрақтар: – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Саған ұнады ма? – Жақсы деп қандай баланы айтамыз? – Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? – Сен қандай бала болғың келеді?
Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар « Дөңгелекті лақтыру »					

Тіл ұстарту жаттығуы 1) Ша-ша-ша Жап жасыл шырша. 2) Ар-ар-ар Қандай аппақ қар. 3) Ыс-ыс-ыс Келіп қалды қыс. 4) Лар-лар-лар Далада ойнаиды балалар. 5) Ла-ла-ла Соғамыз қардан аққала.		Ойын: « Дөңгелекті лақтыру » Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20 см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40 см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2 метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.
---	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта Міндеті: жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу Мақсаты Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды атап бере алады. түсінеді: құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді. қолданады: зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай	Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру. Мақсаты : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»); түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру. Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу». Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ	Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру. Мақсаты заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»); түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен	Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру. Мақсаты. заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»); түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру. 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Ауыр және жеңіл заттарды тауып, оларды жапсырады. Балалар заттарды атайды, олардың салмағын анықтайды. Ауыр зат – үлкен жолдорба мен белтемір, жеңіл – доп және кішкентай жолдорба. Заттарды	Қоршаған орта Міндеті: құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Мақсаты Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды атап бере алады. түсінеді: құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді. қолданады: зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады «Құстар болмаса не болады?» деген сұраққа
--	--	---	---	---	---

	атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады. Балалар педагогті мұқият тыңдайды, жеке өміріндегі тәжірибесімен бөліседі. Өздері білетін құстардың атауларын айтады. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. Өлкеде қыстап қалатын құстарды атайды. Күз жакындаған кезде күн қысқара бастайды. Бұл – құстарға жолға шығу керектігін білдіретін өзіндік белгі. Жәндіктер де жоғалып кетеді. Олар ағаш қабықтарының арасындағы жарықшақтарға, үйлер мен қоршаулардың тесіктеріне, құрғақ жапырақтар арасына жасырынады. Шөп қурайды. Тоғанда су мен өзендер қатады. Топырақты қар басады. Жарық күн сайын азайған үстіне азаяды. Ұқсастықтары: құстардың бәрінің тұмсығы, қанаттары мен қауырсыны бар. Олар бір-бірінен құйрығының пішінімен және үлкендігімен, қанаттарының көлемімен ерекшеленеді. Құстардың денесіндегі қауырсындарының бәрі бірдей ма? Қанатында желпуіш қауырсындар болады. Олар құстарға ұшуға көмектеседі. Құйрығында бағыттаушы қауырсындар болады. Ол ұшуды басқаруға көмектеседі. Ал мамық қауырсындар денесін жарақаттан, сызаттан, суық пен ыстықтан, су өтуден және кеуіп кетуден сақтайды. Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен	туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар, Дәптермен жұмыс істеу 1 -тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. - Кімнің жолдорбасы ауыр? - Кімнің жолдорбасы жеңіл? Педагог балалармен бірге тапсырманы орындайды, талқылайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді. Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі	көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру. Эксперименттік іс-әрекет Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. / Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).	жапсырады.	қатысты пікірлерін айтады. «Біз құстарды тамақтандыру үшін жемсауыт іліп қойсақ болады, ата-аналарымызбен бірге оларға ұя жасауға болады, ағаштардың бұталарына мақта мен жүн қиындыларын іліп қоюға болады» деген тұжырым жасайды. Өзара ақылдасып, «Құстар үшін ең қиын уақыт – ақпан айы» деген қорытындыға келеді. Өйткені ақпанда қарлы боран соғады. Құстардың жемі таусылады БҰЛ ҚАЙ ҚҰС?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады. Мақсаты: балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді (немесе жұмбақтар жасырады), ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс. Содан кейін орындарымен ауысады
--	--	--	--	-------------------	---

	айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырысын не үшін қажет?				
--	--	--	--	--	--

Үзіліс Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»

Тілді жаттықтыратын жаттығулар...  1. « Айнаға қарап жаттығу жасау» 2. <i>Бағынбайтын тілді жазала.</i> Мақсаты: Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету; Бейнелеуі : Ауызды кішкене ашып, тілді астыңғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау. Әдістемелік нұсқау : Төменгі ерінді бұрап, астыңғы тістерге тартпау керек; Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек; Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудың орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды.	  	  	Ойын: « Аюдың апанында» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды. Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіндер», - дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап, орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек тереміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды», - деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар аюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.
--	--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, Мақсаты сөздік қорларындағы сөздерді	Қазақ тілі Міндеті Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, Мақсаты сөздік қорларындағы сөздерді	Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу Мақсаты Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс	Көркем әдебиет Міндеті: – Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: – Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру - Мүсіндеудің әртүрлі
---	--	--	--	--

	белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады. Түсінеді: киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді. Қолданады: дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді. Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). –Көйлек неге артық? – Көйлек – киім. –Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. –Көйлек, шалбар, жейде – нелер? –Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде. Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең.	белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады. Түсінеді: киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді. Қолданады: дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді Суреттермен жұмыс. – Мынау – шұлық. Шұ-лық. –Мынау не? –Мынау – шұлық. –Мынау – шұлықтар. –Мынау нелер? –Мынау – шұлықтар. –Мынау – жемпір. Жем-пір. –Мынау не? –Мынау – жемпір. – Мынау – жемпірлер. – Мынау нелер? –Мынау – жемпірлер. –Жемпір – киім –Жемпір не? – Жемпір – киім. –Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды). –Сенің көйлегің қандай? –Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі)	туралы алған білімдерін бекіту Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата». Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады	дағдыландыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: жақсылық пен жамандықты түсінеді; Қолданады: жеке шығармашылық қабілетін танытады «Мен қандаймын» ойыны. – Шеңберге тұрып, мен қолымдағы допты біреуіне лақтырамын. Допты қағып алған балаға сұрақ қоямын. – Сен қандай баласың? (Мен әдепті баламын.) – Арман, сен қандай баласың? (Мен жақсы баламын.) т.б. – Бойымызда осындай жақсы қасиеттердің болғанына қуаныштымын. Ал енді кейде нашар әдеттердің де кездесетіні туралы әңгімелесейік. Тақтадағы, слайдтағы суреттерге назар аударайық. – Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? – Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр? – Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс? – Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік. Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз. – Бүгін біз автор Рахым Тыпқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. – Жақсы бала –	әдістерін қолдану - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Мақсаты:- мерекелік дастархан суретін салу, Мүсіндеу Жапсыру, Құрастыруды үйрету Топтық жұмыстар
--	---	--	---	---	--

				тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз.	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Саусақ гимнастикасы
Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

1. Барабанда ойнаймыз. Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.

2. «Біздер – ұстамыз». Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.

3. «Дүрбілер». Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберімен жан-жағына қарайды.



Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала «түлкі» болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге	Музыка Міндеті: --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру Мақсаты Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының	Дене шынықтыру Міндеті: - - Саусақтарды айқастырып алға жлғары көтеру қолды	Дене шынықтыру Міндеті: Допты жоғарыдан алға және артқа бір біріне беру .Қолды алға көтеріп оңға солға бұрылу. Мақсаты Алға еңкейіп, алақанын	Музыка Міндеті: - Балаларға «Қаражорға» биін билету Мақсаты Әуеннің би сипатын сезіну, би
---	--	--	--	--

	қою Мақсаты: - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).	элементтерін орындау. Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	сырқы жағымен ішке қарай бұру, қолды кезек жоғары артқа көтеру. Мақсаты - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру Қозғалыс ойындары: «Сағат» Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).	еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.	қимылдарының элементтерін орындау. Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)

Серуен	<i>Аспанды бақылау</i> Мақсаты: табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. <i>Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.</i> <i>Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)</i> <i>Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.</i> <i>Тақпақ «Аспанда»</i> Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты» <i>Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</i> <i>Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту.</i>	<i>Желді бақылау</i> Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. <i>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.</i> <i>Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады</i> Аяғы жоқ-қашады. (Жел) <i>Тақпақ:</i> Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» <i>Еңбек: өсімдіктерді, көшеттерді қармен жабу.</i> <i>Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</i>	<i>Күнді бақылау</i> Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. <i>Жұмбақ:</i> Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) <i>Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық, жылы болады.</i> <i>Тақпақ:</i> Шұғылалы күніміз Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. <i>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»</i> <i>Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту.</i>	<i>Су бетіне қатқан мұзды бақылау</i> Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. <i>Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.</i> <i>Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)</i> <i>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.</i> <i>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»</i> <i>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</i> <i>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».</i> <i>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</i>	<i>Қарды бақылау</i> Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. <i>Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа, кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.</i> <i>Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар)</i> <i>Болжам: көп қар- көп нан. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».</i> <i>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру</i>
Балалармен жеке жұмыс	Айым мен Иманға ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын үйрету. Ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»	Мансур мен Алмханға қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"	Алихан мен Мансурға қарындашпен дөңгелек пішіндерді салуды үйрету. «Аққала»	Аяла мен Сырымбетке Қолғаптар мен шұлықтардың сыңарын табуға үйрету. Ойын: «Сыңарын тап»	Аяла мен Мансурға қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"
Балалардың дербес әрекеті (аз)	Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым!	«Сағат» Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей	«Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақа мен тырна» Мақсаты: Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы	«Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созындар. Саусақтармен ойнаңдар,

қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар	Жоқ, акша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру.	Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу. Сөйлеуді дамыту	Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) Көркем әдебиет	түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу. Көркем әдебиет	Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз:	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы 74 Жалпы білім беретін орта мектебі

Мектепалды сынып О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі II-апта 15 – 19 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Д/ойын:«Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	Д/ойын«Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Қажетті құралдар: Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	Д/ойын:« Өз жұбынды тап» Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. Қажетті құралдар: Цифрлар бала санына	Д/ойын:«Қателесіп қалма?». Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. Қажетті құралдар: текше	Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр». Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінін және қалай аталатынын көрсету.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгекуаныш Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлықүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!


Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету –Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. –Сендер жылқыны білесіңдер ме? –Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. –Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді. Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады. «Кім зерек» дидактикалық ойыны – Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларыңа алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер Мысалы: қатаң дыбыстар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ. Ұяң дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Үнді дыбыстар: й, л, м ,н, ң, р, у.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді. Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады. Дыбыстық талдау жаса. Педагог «лақ» сөзінің сызбасын тақтаға іледі. Бір баланы тақтаға жұмыс жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында жасайды. Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі. «Лақ» сөзінде1 буын, 3 дыбыс бар. Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді. Педагог «гүл» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. «Гүл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Г – ұяң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. Ү – жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді	Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Мақсаты Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.	Көркем әдебиет Міндеті: - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір. 2. Жұмбақты шеш . Ө дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта) Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен) 3. Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя. 4. Не артық? Белгіле. Тапсырма бойынша ертегіге қатысы жоқ суретті белгілетеді
Үзіліс :					

Саусақ ойындары Ойын:Су толтыру. Мақсаты: Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар: шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.		Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар. Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.			
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну Мақсаты Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: кыстың белгілерін атап бере алады. түсінеді: судың: сұйық, қатты, газ тәріздес күйін түсінеді. қолданады: тәжірибе барысында зерттеушілік қабілеттерін көрсете алады. балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: ойланып көрші, неге біз қарды ақ көрпе деп атаймыз? Қалың қардың астында аяздан кімдер қорықпайды? Қардың көмегі тиетін жануарларды атап берші. Балалар суреттерді мұқият қарап шығады. «Қарды көрпеге неге теңейді?» деген сұраққа жауап іздейді. Себебі ол қыста жерді орап жатады. «Жерді жылытады» деген қорытынды жасайды.	Математика негіздері Міндеті: - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету. Мақсаты : : салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»; түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты); қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды. Эксперименттік іс-әрекет Табакшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табакша төмен түсіп жатқанын бақылайды. Педагог екінші жолдорбаны	Математика негіздері Міндеті: - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету. Мақсаты салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»; түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты); қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды. 1-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерге қарайды. Ауыр және жеңіл жолдорбаны анықтайды, белгілейді. Өз таңдауын түсіндіреді. Жұппен жұмыс істейді. Балалар өз болжамдарын айтады. Сурет бойынша көк жолдорба сарыға қарағанда ауырлау. Көк	Математика негіздері Міндеті: - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету. Мақсаты салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»; түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты); қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды. «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға	Қоршаған орта Міндеті Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату Мақсаты Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: жасайды: кыстың белгілерін атап бере алады. түсінеді: судың: сұйық, қатты, газ тәріздес күйін түсінеді. қолданады: тәжірибе барысында зерттеушілік қабілеттерін көрсете алады. «Жақсы-жаман» ойынын ойнауға болады. Қыс бойы қардан қалың көрпе жамылып жататын жануардың сұлбасын сал. Су – бұл ЖАҚСЫ, су – бұл ЖАМАН Қар – бұл ЖАҚСЫ, қар – бұл ЖАМАН Мұз – бұл ЖАҚСЫ, мұз – бұл ЖАМАН Бу – бұл ЖАҚСЫ, бу – бұл ЖАМАН Балалар неге ЖАҚСЫ, неге ЖАМАН екенін түсіндіреді. «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады: Педагог балаларға нысанның суреті	

	Сондықтан да өсімдіктердің тамырлары, шөптер мен тұқымдары қалың қардың астында алаңсыз жата береді. Ал адамдар қыста егістікке әдейі қар тоқтатады. Ол мол өнім алу үшін қажет. Педагогмынада й мәселені шешуге шақырады: қар жануарларға керек пе әлде ол керісінше, кедергі келтіре ме? Талқылауға Қуаныш пен Айсұлуда қатысады. Талқылайды: Тышқандар қардың астына тығылып, індерінің арасында шытырман ін (лабиринт) жасайды және сол арқылы жүгіріп, бір-бірімен қатысады. Ал түлкі мұны жақсы біледі. Қарны ашқанда осындай лабиринттерді іздеп, тышқан аулайды. Қалың қар аюдың апанын да жауып, жылытып тұрады. Қар қабатының астында көртышқандар, жауынқұрттар, жәндіктердің дернәсілдері, құмырсқалар да тіршілік етеді. Кірпі де құрғақ жапырақтардың астына кіріп жатады. Оның үстін қар басады.	ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді. Балалар бақылап, қорытынды жасайды. - Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма? Салмақ өлшемге байланысты емес -Қалай тексеруге болады? Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.	жолдорбасы бар балалар шаршаңқы. Ал енді жолдорбаға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіндер. Балалар «бос» және «толық» жолдорбамен қимылдар жасайды. Жұптық жұмыс жасайды.	сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілрек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді.	бейнеленген карточканы көрсетеді. Дұрыс жауап бергендерге фишка беріледі. Көрсетілген нысанның пайдасын мейлінше көбірек айтуға тырысады. П: Судың қандай пайдасы бар? Б: Ыстықта ішсең, шөлің қанады. Жауын өсімдіктерге көп пайда әкеледі. Адам суға жуынады
--	--	---	---	---	---

Үзіліс:					
Дидактикалық ойын: «Домино» Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.		«Сүйікті қаламызға саяхат» Мақсаты: Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер. Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі Міндеті: - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру Ойын: «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.	Қазақ тілі Міндеті -- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру Мақсаты Өз халқының тұрмыстық заттарының ерекшеліктерін, қолөнерлерін, салт-дәстүрлерін таныстыру Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету, Осы заттарды бояту.	Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету –Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? –Аңызда не туралы айтылған? –Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? –Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. –Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры –«Л» – дауыссыз дыбыс. –"Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ	Көркем әдебиет Міндеті: - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Мақсаты Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсындар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсындар? –Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма? –Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: –Ертегі қалай аталады? –Кедей қайда барды? –Балта қайда түсіп кетті? –Балта не үшін қажет? –Диірменші қандай балталар ұсынды? –Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? –Бай не істеді? –Ертегі қалай аяқталды?	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру - - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту Мақсаты:- қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету Топтық жұмыс

**Үзіліс: . Жүгіруге арналған ойындар
«Торғайлар мен мысық»**

		Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)
		

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тактайшаны ұстап, алға еңкею Мақсаты: - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ	Музыка Міндеті: -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович) Ән айту: «Зырлайды	Дене шынықтыру Міндеті: - - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Мақсаты - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Қозғалыс ойындары: «Сағат» Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер	Дене шынықтыру Міндеті: - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Мақсаты Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».	Музыка Міндеті: - Мәтінге сәйкес әнді сахналау Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович) Ән айту: «Зырлайды шанамаыз» (М. Маңғытаев)
--	---	---	--	---	--

	бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).	шанамыз» (М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өндеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).	Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.	«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өндеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алан». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар ую. Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып,

	жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қим.ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	дамыту, сөздерді катесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.		молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаң-дыққа , ептілікке баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Қимылды ойын: «Үйсіз қалған коян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Жансая, Нұрбек	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аружан, Темірлан	«Сиқырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Нұрперзент, Сымбат	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Аянат, Нұртуған	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Айлин, Айнур.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар	Ойын: «Не жоқ?»	"Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау. Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету.	Тақырыбы: «Айлакер түлкі» Мақсаты:Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - ку) сипаттама бере білуге ү	«Қажетті сөзді тап». Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті.	Ойын: «Цифрға сәйкес түсін тап» Мақсаты:түстерді және цифрларды ажырата білуге үйрету. (Қоршаған орта, матем. негіздері)

Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--------------------------------------	---	---	---	---	---

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **74 Жалпы білім беретін орта мектебі**

Мектепалды сынып **О «Ә» сыныбы**

Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **22– 26 қаңтар 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. Сөйлеуді дамыту	Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады Құрастыру	Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты: Балалар ойын арқылы шаш киюшының еңбегін түсінеді. Көркем әдебиет	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету Математика негіздері
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	Д/ойын:«Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	Д/ойын«Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Қажетті құралдар: Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	Д/ойын:« Өз жұбыңды тап» Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. Қажетті құралдар: Цифрлар бала санына	Д/ойын:«Қателесіп қалма?». Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. Қажетті құралдар: текше	Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр». Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: --Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану Мақсаты : -. Өңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды	Сауат ашу негіздері Міндеті - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны Педагог балаларға көк	Сауат ашу негіздері Міндеті - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды «Хат» сөзіне дыбыстық талдау Х – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. «Бал» сөзінің дыбыстық талдауы. Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті	Сауат ашу негіздері Міндеті - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды,өз бетінше жазуға мүмкіндік беру Мақсаты Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды,өз бетінше үйрету Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды	Көркем әдебиет Міндеті: - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Мақсаты: әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. 1.Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Анасы мен қызы нені істеп отыр? Анасы мен қызы терезеден нені көрді? Торғайдың аузындағы не нәрсе? Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің? 2.Мақтадан не жасалады? Сызып қос. 3.Жұмбақты шеш. Тау-тау ақ қар, Ерімейді ыстықта. (Мақта) .

	бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпенбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Өне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! –Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.	түсті төртбұрышты көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Өтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.)	белгімен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Бал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс		
Үзіліс:					

Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.		Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.		Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңкылдап, Барасындар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қоршаған орта Міндеті: - Бақлау арқылы төрт түліетің пайдасын білу, олардың күтіп баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тірішілік ету ерешеліктерін сипаттау.	Математика негіздері Міндеті: - - Жиынды бөлікткрге бөлу жіне оларды қайта бірікткру, бүтін жмын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірімәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың	Математика негіздері Міндеті: - - Жиынды бөлікткрге бөлу жіне оларды қайта бірікткру, бүтін жмын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірімәнді	Математика негіздері Міндеті: - Жиынды бөлікткрге бөлу жіне оларды қайта бірікткру, бүтін жмын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірімәнді	Қоршаған орта Міндеті: - . - Бақлау арқылы төрт түліетің пайдасын білу, олардың күтіп баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тірішілік ету ерешеліктерін сипаттау Мақсаты Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау

	Максаты Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау Күтілетін нәтижелер: жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді. түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді. қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыстық шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқан. Суреттерді мұқият қарап шығып, табиғаттағы өзгерістер жайлы әңгімелеп береді. Қыстың орнына көктем келеді. Педагог берген	топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.	сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады	сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады	Күтілетін нәтижелер: жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді. түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді. қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыстық шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқан. Суреттерді мұқият қарап шығып, табиғаттағы өзгерістер жайлы әңгімелеп береді. Қыстың орнына көктем келеді. Педагог берген қосымша мәліметті талқылауға қатысады: Күн бізге жылу береді. Күн болмаса, жарық пен жылусыз жер бетінде тіршілік тоқтап қалар еді. Жарықсыз, қараңғы үңгірлерде өсімдіктер, ағаштар мен гүлдердің өспейтінін немесе мүлдем аз өсетінін айтады. Өйткені өсімдіктерге су, топырақ, жарық пен жылу қажет. Қалың орманда да ағаш бұтақтары Күн сәулесін дұрыс өткізбейді. Сондықтан онда күн жарқырап тұратын көгалдағыға қарағанда шөп пен әдемі гүлдер аз болып келеді. Ал адам Күнсіз өмір сүре ала ма? Иә, өмір сүре алады. Бірақ көпке ұзамайды. Ұзақ уақыт бойы жер астында жұмыс істейтін адамдардың беті бозарып кетеді. Күннің
--	--	---	--	--	---

	қосымша мәліметті талқылауға қатысады: Күн бізге жылу береді. Күн болмаса, жарық пен жылусыз жер бетінде тіршілік тоқтап қалар еді. Жарықсыз, қараңғы үнгірлерде өсімдіктер, ағаштар мен гүлдердің өспейтінін немесе мүлдем аз өсетінін айтады. Өйткені өсімдіктерге су, топырақ, жарық пен жылу қажет. Қалың орманда да ағаш бұтақтары Күн сәулесін дұрыс өткізбейді. Сондықтан онда күн жарқырап тұратын көгалдағыға қарағанда шөп пен әдемі гүлдер аз болып келеді. Ал адам Күнсіз өмір сүре ала ма? Иә, өмір сүре алады. Бірақ көпке ұзамайды. Ұзақ уақыт бойы жер астында жұмыс істейтін адамдардың беті бозарып кетеді. Күннің қасиеттерін				қасиеттерін атайды (жылы, жұмсақ, мейірімді, көңілді...). Ол қатал, қорқынышты бола ма? Әлбетте, жазда, қатты ыстықта адамдар көлеңкеге тығылуға мәжбүр. Ондай ыстықпен ойнауға болмайды. Басыңа күн өтіп, денең күйіп қалады, басың да ауыруы мүмкін. Күн қуаңшылық кезінде де қаталдық танытады. Су азайып, кұрғақтықтан зардап шеккен өсімдіктер қурап қалады, жануарлар өледі, өзендер мен бұлақтар сарқылып қалады.
--	---	--	--	--	---

	атайды (жылы, жұмсақ, мейірімді, көңілді...). Ол қатал, қорқынышты бола ма? Әлбетте, жазда, қатты ыстықта адамдар көлеңкеге тығылуға мәжбүр. Ондай ыстықпен ойнауға болмайды. Басыңа күн өтіп, денең күйіп қалады, басың да ауыруы мүмкін. Күн қуаңшылық кезінде де қаталдық танытады. Су азайып, құрғақтықтан зардап шеккен өсімдіктер қурап қалады, жануарлар өледі, өзендер мен бұлақтар сарқылып қалады.				
Үзіліс:					
Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады.		Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында			

Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады		тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі Міндеті: - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту Мақсаты Отан туралы түсініктерін кеңейту Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» – Сенің Отаның қалай аталады? – Менің Отаным – Қазақстан. – Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). – Отанымыздың бас қаласын ата? – Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан – тәуелсіз мемлекет	Қазақ тілі Міндеті - - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Мақсаты ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту «Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек. – Мамандық иелерін ата? – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Бөлмеде не бар? – Сыпайы сөздерді ата. – Таңертең не істейміз? – Апта күндерін ата. т.б	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Өпитеттерді, салыстыруларды қолдану Мақсаты -«Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру. Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан табады? 5.Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады. –Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. –Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. –Жыртқыш құстарға қандай	Көркем әдебиет Міндеті: -- Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. Педагог жұмбақ жасырады. Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) –Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамyzдың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді –Әңгіме қалай аталады? –Авторы кім? –Кішкентай қыз не істеп отырды? –Анасы қызына қандай ақыл айтты? –Қыз мақтаның қикымын қайда лақтырды? –Оны не алып кетті? –Анасы оған не деді?	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Жыл мезгіліне байланысты өзгерісті салуда бере білу білігін бекіту - - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет Мақсаты:- қар кесегі суреті н салумүсіндеу,жапсыру,құрастырту Топтық жұмыс

			құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп	—Өңгімені қалай аяқтауға болады?.	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: .

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:


Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?

Ыы.....Ыс – с – сссс



Ыс – с – сссс



Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»

Мақсаты:

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

Ойынның шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды», деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»

